

Международный научно-популярный журнал

ISSN 2073-333X

# Наука и жизнь Казахстана Қазақстанның ғылымы мен өмірі

№ 3 (58) 2018



Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Маңтаарал ауданы, Жетісай қаласындағы  
«Сырдария» университетіне - 20 жыл

**Құрылтайшы:**  
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

**Учредитель:**  
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

**Founder:**  
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»  
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ**  
**НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА**  
**SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN**  
**Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал**  
**Международный научно-популярный журнал**  
**International popular-science journal**

**№3(58) 2018**

**ПЕДАГОГИКА**

**Астана 2018**

**Aituarova B.M**

Candidate of social science, docent, Kazakh National University after al-Farabi, bota\_zakira77@mail.ru

**Begalieva A.K.**

senior teacher, Kazakh National University after al-Farabi

**Nusupbaeva S.A**

senior teacher, Kazakh National University after al-Farabi

**Satkenova Zh.**

senior teacher, Kazakh National University after al-Farabi

## **HISTORY OF KARA-KHITANS (1125-1212)**

**Түйіндеме:** Мақалада Қарақытай мемлекетінің тарихы мен мәдениеті жайында баяндалады (1125-1212жж).

**Резюме:** В статье рассматриваются история и культура Каракутай(1125-1212гг).

**Summary:** The article deals with the history of the Kara-Khitans and the campaigns that were lead by the gurkhans (1125-1212).

The Kara-Khitans are descendants of the Khitan tribes who lived in the central Asia, Northern China and Manchuria of the Ussuri region. In the Chinese sources Khitans are called “khitta”, “tsitta”.

In 1114 the Khitans fought with the Jujanis. At the beginning of the X century the Khitan tribes created the state Liao (907-1125). In 1125 the Khitans were ruled by Yelu Dashi. With a 40 thousand army he invaded Zhetysu.

In 1125 Yelu Dashi's troops seized the central regions of Zhetysu. The local Turkic-speaking tribes called the Khitans the Kara-Khitans[1]. The Khitans' ruler founded his headquarters – Guz Orda near the city Balasugun (it is the city Burnyi). The ruler's title was named gurkhan. In 1128 the Kara-Khitans began to invade the lands of the Karahans state [2].

In 1134 the Kara-Khitans intruded into the city Bukhara and seized the central part of Maverannahr. The Karakhans became their vassals and paid duties. The Kara-Khitans went on campaign to Khorezm. The shakh of Khorezm paid annually 3000 of gold dinars [3].

The western boundary came to the lower current of the Amu Darya. The eastern boundary included the Uigur province of Gansu. In the south they reached Balkh and Hotan. In the north they bordered the Naymans. In 1143 gurkhan Yelu Dashi died. The power succession had its peculiarities.

Not only men but also women had the right to inherit the power. Under the Kara-Khitans law the woman had to be of the khan birth. In 1143 the throne was taken by a wife of Tabuyan. At the reign of gurkhan Ile it was conducted the census of the population [4].

In 1155 Yelu Dashi's daughter, Busugan, ruled. In 1171-1172 they went on a military campaign to lands of Khorezm because they refused to pay the duty of gold. The deaths of the Khorezm khan Al-Arslan caused discords for power between his sons.

The shakh Tekesh's son turned for help to the Kara-Khitans. With their help he overtook power in Khorezm and that is why he was made directly dependent on the Kara-Khitans.

The Kara-Khitans in union with shakh Khorezm in 1198-1204 fought with the Gurid tribes of Afghanistan. After shakh Khorezm's death Muhammad dared to struggle against the Kara-Khitans. Having lost the ally, the Kara-Khitans were defeated by the Gurids.

In 1208 the Kara-Khitans were defeated by the Naymans in the east. In 1210 shakh Khorezm attacked the Kara-Khitans. As the result of two struggles in 1212 the Kara-Khitans were defeated. The last gurkhan was taken prisoner by the Naymans khan Khuchluk and their lands became the Nayman's possessions.

## **References**

1. *Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. I М. 1973*
2. *Бартольд В.В. очерк истории Семиречья. Соч. Т. II, ч. I.*
3. *Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. Т. I, М.-Л., 1952.*
4. *Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. I М. 1973*

**Бекметова Аруна Кернеевна**

магистр, I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, [aruna\\_67@mail.ru](mailto:aruna_67@mail.ru)

## **ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

*Түйін. Мақала жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың мүмкіндіктері және олардың кейбір мәселелері қарастырылған.*

*Резюме. В данной статье автор рассматривает возможности применения современных инновационных педагогических технологий в высших учебных заведениях и некоторые их аспекты.*

*Summary. In this article the author considers the possibilities of applying new innovative pedagogical technologies in higher educational institutions and some of their aspects.*

Білім беру жүйесінде өзекті мәселелердің бірі – оқытуды жаңа педагогикалық технологиялар арқылы ұйымдастыру болып табылады. Оқыту үрдісі жаңаша бағдарламалар арқылы шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер оқытушылардың жаңа технологияны меңгеруіне, инновациялық жетілуіне мүмкіндік береді.

«Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде. Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» - деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында да бұл мәселені назардан тыс қалдырған жоқ.

«Бұл жас ұрпақты ғылыми-зерттеу саласына және өндірістік-технологиялық ортаға ұтымды түрде кірістіруге көмектеседі», - деген жолдар соның дәлелі болады [1].

1960 жылдарда шетел зерттеушілері «педагогикалық технология» терминін енгізді. «Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер – оның бөлігі ғана» – деп көрсеткен В.Беспалько.

Педагогикалық технология—оқытудың жоспарлы нәтижесі, процесін суреттеу және педагогикалық технология—педагогикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын барлық жеке тұлғалық, құралдық, әдістемелік тәсілдердің жүйелі жиынтығы.

Инновация ұғымының негізін салуға үлес қосқан австриялық экономист Й.Шумпеттерді атауға болады.

1957-1964 жж. он жылдық тарихқа американдық білім жүйесіндегі инновациялар және өзгерістер кезеңі ретінде енеді.

XX-шы ғасырдың 90-шы жылдардың бас кезінде орыс ғылымдары Днепров В.И Загвязинский, еңбектерінде «инновация» ұғымы пайда болды. Олар «инновация» ұғымы білім беру жүйесінде жаңалықтарды жасап шығару, игеру, қолдану және тарту іс-әрекеті деп санайды.

Француз ғалымы Э. Брансуик педагогикалық жаңалықтардың 3 мүмкін түрін бөліп қарайды:

1. Жаңалық ретінде бұрын еш жерде, еш уақытта қолданылмаған білімдік идеялар мен әрекеттер алынады. Мүлдем жаңа нәрсе. Практикада ондай жаңалық өте сирек кездеседі.

2. Белгілі бір кезде, белгілі бір ортада көкейтестілігімен ерекшеленген, қайта орын алып отырған, жаңа жағдайға бейімделген идеялар. Бұл қазіргі педагогикалық жаңалықтардың көп бөлігін құрайды.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, жылдам өзгермелі әлемде білім алуға деген білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының жоғары білім беретін мекемелерінде интеллектуалдық, рухани және дене бітімі дамуын қалыптастыру болып табылады.

Дүниежүзілік экономикалық форум ХХІ ғасырдағы бәсекеге қабілетті маманның білімі мен іскерлігінің 16 түрін атап көрсетті. Олар ішінде келесі қасиеттер Жолдаумен үндеседі:

- ұжымдық жұмыс дағдылары;
- көшбасшылық қасиет;
- бастамашылық;
- IT-құзыреттілік;
- қаржылық және азаматтық сауаттылық және т.б. [2].

«Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видеоқұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет», - деп Елбасымыз Жолдауда көрсетеді [1].

Озық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға» ауыстыруды талап етеді. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі оқытушының кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педогогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек [3]. Білім берудегі жаңаша оқыту бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Заман талабына сай көштен қалмай қазіргі таңда педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан-жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етуде.

Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың инновациялық әдістері арқылы анықталады.

Жоғары білім беру мекемелерінде оқу үдерісін ұйымдастыру жоғары оқу орындарының іс-әрекетін ұйымдастырудың типтік ережелері мен жалпыға міндетті білім беру стандарттарына негізделіп жасалады және мамандықтың оқу жоспарымен, сабақ кестесімен реттеледі. ЖОО-да сабақтар аудиториялық және аудиториядан тыс деп бөлінеді.

Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар студенттерді оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Бұл жаңа технологиялар шығармашыл қабілеттің дамуына жағдай туғызады. Қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануы тиіс. Мәселен, сабақты тартымды өткізу және студенттердің оқуға деген қызығуын арттыру үшін әр сабақты түрлендіріп өткізу шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әр түрлі технологияның сан қилы элементтерін пайдалану артық етпесі анық.

ЖОО модульдік технология дамыта оқыту идеясына негізделген. Модульдік оқытудағы негізгі мақсаты – студенттің өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өңдеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істеуге үйрету.

Модульдік оқытудың өзегі – оқу моделі. Оқу моделі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру бойынша берілген мұғалімнің нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдісі мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Аудиториялық сабақта мәселелік оқыту технологиясын қолданудың басты мақсаты – студенттің өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдылығы мен шығармашылық икемділіктерін дамыту. Мәселелік оқыту технологиясын оқу үрдісінде қолдануда студенттердің мынадай қасиеттері қалыптасты:

- студенттің оқу тапсырмаларын орындауда белсенділіктері артты;
- оқу материалында қызықтыратындай мәселелер туғыза білді;
- студент оқу материалдарын сезім мүшелері арқылы қабылдап қана қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді.

Жоғары оқу орындарының сабақ жүйесінде Л.С. Выготский, Л.В.Занков, Д.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясын қолдану студенттің өз ойын, өз бақылауларын, танымын айтуына жағдай

жасайды. Аудиториядағы «тәртіп» ұғымы өзгереді. Студенттер жұмыс барысында шулайды, күледі, бір-бірімен әзілдеседі, рефлексияға қабілеттілік сияқты бағалы сапаны қалыптастырады. Сонымен қатар, өзінің психикалық жағдайы туралы ойлануы, өзінің толғаныстарын таңдай білуге бейімділік пайда болады [4, 5].

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын ерекше беруге болады:

- практикалық іс-әрекетте болу
- басқаларды тыңдай білу
- білім іскерлік дағдыны қалыптастыру

Өз тәжірибеме тоқталсам, дәріс беру кезеңде мен төмендегідей технологияларды қолданамын:

1. Модульдік технология

«Кадрлық менеджмент» пәні бойынша тақырыптарды осы технологияны негізге алып, модульдерге бөлемін:

1-ші модуль. Кадрлық менеджменттің теориялық негіздері;

2-ші модуль. Кадрларды басқаруды ұйымдастыру;

3-ші модуль. Кадрлар қызметін бағалау.

2. Шаталовтың схемалық технологиясы.

Мысалы, «Персоналдың қызметі және оның қызмет етуіне қажетті негізгі талаптар» лекцияда төмендегі схемалар арқылы студенттерге ұйымдастырушылық құрылымда кадрды басқару қызметінің орнын түсіндіруге болады.

Заманауи тәжірибеде бірнеше нысандар кездеседі.

**Бірінші нысана**сында персоналды басқару қызметі әкімшілік бойынша басшысына бағынышты. Осы нысананың басты идеясы – барлық орталық координациялық (реттеушілік) қызметтер бір функционалдық жүйеде шоғырландырылған. Бұл нысана келесі 1 суретте көрсетілген



Сурет 1. Ұйымдастырушылық құрылымда кадрды басқару қызметінің орны: әкімшілік басшылығына бағыныштылығы

Осылайша тағы басқа схемаларды келтіруге болады.

### 3. «Проблемалық оқыту технологиясы».

Проблемалық оқыту өзіне тән үш түрлі формаларды іске асырылады:

- проблемалы баяндау;
- студенттердің біршама ізденуі;
- өздігінен зерттеуі.

Проблемалық оқыту студенттердің таным әрекетінің негізгі үш кезеңнен тұрады:

- проблемалық міндет қою және ұғыну;
- проблемалық міндетті талдау, болжамдар жасау, оны шешудің тиімді амалдарын қалыптастыру;
- проблеманы шешу, оның дұрыстығын анықтау.



Семинар (лат. «seminarium» – көшет, егу) – студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру формасы. Ол бекітуге арналған, сонымен қатар өз бетімен алған білімдерді тексеру мен бағалау тәсілі. Семинар сабақтарының басты мақсаты – білім алушыларға зерттелетін саланың ерекшеліктеріне сәйкес теориялық білімді қолданудың іскерлігі мен дағдыларын меңгеру мүмкіндігін беру. Оқытушы семинар барысында білімді қайталау және бекіту, бақылау, педагогикалық қарым-қатынас орнату сияқты міндеттерді шешеді. Мәселен, В.Шаталовтың тірек белгілері арқылы технологияның негізін семинар сабақтарын ұйымдастыру студенттің төмендегідей біліктілігінің қалыптасуына мүмкіндік берді:

- үнемі қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, жоғары деңгейдегі қиыншылық, блокпен оқыту, тіректі қолдану;

- жеке бағдарлы қарым-қатынас, өзара ықпал;

- ізгілік, еркімен оқыту;


- идеяның жариялылығы, түзетуге, өсуге, табысқа жетуге жағдай жасау;

- оқыту мен тәрбиенің бірлігі.

Ұлы ағартушысы К.Д.Ушинский: «Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат», - деп өз замандастарына терең ой салған.

Оқыту үрдісінде И.Д.Первин мен В.К.Дьяченко ұсынған «топтық және ұжымдық оқыту технологиясы» оқытушының студенттер арасында өзара қарым-қатынас орнату арқылы оқытуды ұйымдастыруда ұтымды нәтижеге қол жеткізу. Бұнда топ мүшелерінің бірін-бірі оқытуы және әр қайсысының берілген мәліметтерді меңгеруі, білуі жүзеге асады. Топпен жұмыс жасауда оқытудың тиімділігі: топ ішінде ортақ проблеманы шешуде идея тастауы, өз пікірін дәлелдеуі, талқылауы, студенттердің ортақ ойға келуі. Басқаша айтқанда, студенттер бірге ойланады: болжамдар ұсынып, талқылайды. Талқылау кезінде олар «мүмкін», «егер», «бәлкім» деген сияқты сөздерді қолданып, өз идеясын дәлелдеу үшін «сондықтан» деген сөзді пайдаланып, топ тарапынан қолдау қажет болғанда «Солай емес пе?» деген сұраққа сүйенеді. Оқытудың маңызды бір бөлшегі – студенттердің өзін-өзі бағалауы, өз жұбын бағалауы және өзара топ мүшелерін бағалауы.

Ұжымды оқытуда студент мынадай рольдер атқарады:



Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр[5].

Білім – болашақ бағдары, кез-келген оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның күзінеттілігін дамыту. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа. АКТ-ны оқу-тәрбие үрдісінде қолдану студенттің қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Өз сабақтарымызда АКТ пайдалану арқылы студенттердің жаңа ойларын, әсерлі идеяларын тартымды етіп көрсететіндігін аңғардық [6, 38]. Бүгінгі таңда білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен студенттердің дара және психологиялық ерекшеліктеріне орай тандап, тәжірибесіне сынап қараудың маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық

сайт және тағы басқалары жатады. Бұны бір сөзбен айтқанда оқу үрдісінде немесе сабақтарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану деп атауға болады.

Осы педагогикалық технологияларды басшылыққа алып инновациялық әдістерді қолдану нәтижесінде студенттерде келесі құзыреттіліктер қалыптасты:

- сын тұрғысынан ұсынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;
- өз бетінше мақсат және оны негіздеуге, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға;
- мәселені өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта қарауға, сақтауға, түрлендіруге және тасмалдауға, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға;
- логикалық операцияларды (талдау, жинақтау; құрылымдау; тікелей және жанама дәлелдеу; аналогия бойынша дәлелдеу; моделдеу, ойша эксперименттеу; материалды жүйелеу) қолдана отырып, мәселелерді өңдеуге;
- өзінің оқу қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін жинақтаған білімін қолдануға мүмкіндік берді.

Қорыта айтқанда, инновациялық әдістерді сабақта қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Студенттерге еркін ойлауға мүмкіндік береді.
2. Тіл байлығын дамытады.
3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді.
4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.
5. Өз бетімен білім алатын, көшбасшылық қасиетті жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

#### ***Қолданылған әдебиеттер:***

1. *Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.*
2. *Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016ж.*
3. *Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару. Алматы-2014ж.*
4. *Абдраманова Г. Б. Инновациялық технологиялардың білім берудегі рөлі // Молодой ученый. – 2015. - №7. – Б. 4-6.*
5. *Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы (2018 жылға өзгерістерімен).- <http://adilet.zan.kz>*
6. *Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы, 2004. – Б. 35-38*